

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 146 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 12 сәуірде N 2-4-149 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 наурыздағы N 215 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 19.03.2013 N 215 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 274 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 Қаулысына сәйкес Ақсу ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Поселкелік, ауылдық округ әкімдеріне Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров поселкесі, Буланова көшесі N 1 үй мекен-жайында орналасқан "Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу

орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Поселкелік, ауылдық округ әкімдері 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды, олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Ақсу аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына Сансызбаев Ерлан Қанатайұлы (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Ақсу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 117 (Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылдың 25 сәуірде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2-4-132 нөмірімен енгізілген, аудандық "Ақсу өңірі" газетінің 2011 жылғы 28 мамырында 23(9554)нөмірімен жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Сәбит Бейсебекұлы Қорғанбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Дүйсембаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақсу аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының
Жұмагелдин Әшімғали Құсайынұлы

директоры

12 наурыз 2012 жыл

"Ақсу аудандық ішкі істер
бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы
12 наурыз 2012 жыл

Сансызбаев Ерлан Қанатайұлы

"Ақсу аудандық қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
Жетибаев Алмат Бекетаевич

бастығы

12 наурыз 2012 жыл

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы
12 наурыздағы "Қазақстан
Республикасының азаматтарын
2012 жылдың сәуір-маусымында
және қазан-желтоқсанында
кезекті мерзімді әскери қызметке
шақыру туралы" N 146 қаулысына
1-қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2012.06.06 N 303 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қорғанбаев Сәбит Бейсебекұлы	Комиссия төрағасы, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары
Жұманов Ержан Нұртілеуұлы	Комиссия төрағасының орынбасары, "Алматы облысы Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері	
Лепесбаев Балбек Ермекұлы	"Алматы облысы Ақсу ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары
Құрымбай Байқадам Болатұлы	"Ақсу аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының орынбасары, медициналық комиссияның төрағасы
Қасымбекова Бақыт	"Ақсу аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының аға медбикесі, комиссия хатшысы

	округтерінің атауы	дардың саны	1	2	3	4	5	8	9	10	11	12	15	16	9	23	7
1	Ақсу	30	25												2	2	1
2	Арасан	34		29											2	2	1
3	Есеболатова	31			28										1	1	1
4	Егінсу	6				5										1	
5	Жаңалық	20					18									1	1
6	Карасу	29						24							2	2	1
7	Карачилик	31							26						2	2	1
8	Карагоз	25								21					2	1	1
9	Капал	46									39				3	2	2
10	Көшкентал	31										26			2	1	2
11	Б.Сыртганов	33											28		2	2	1
12	Кызылагаш	38												30	3	3	2
13	Ойтоған	26	8			11									2	2	3
14	Кураксу	7				7											
15	Молалы	12				10										1	1
16	Матай	45		16		2	20			1					2	2	2
17	Суықсай	27			10			10			4				1	1	1
18	Жансугурова	79	10	4	7	5	5	10	10	1	9	10	5		1	1	1
	Барлығы:	550	43	45	42	42	43	39	36	32	44	35	38	35	27	27	22

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК